

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 4(24) қазан-желтоқсан 2020
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

Абашиин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Еуропа университеті (Ресей)
Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызыл мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)
Аяған Бүркітбай Гелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)
Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)
Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)
Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)
Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)
Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)
Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)
Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)
Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)
Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)
Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)
Матыжанов Кенжехан Ісломжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)
Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)
Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)
Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)
Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)
Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)
Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)
Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)
Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)
Таймағамбетов Жәкен Қожасметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы
Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы
Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы
Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым
Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

Абашиин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)
 Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)
 Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)
 Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)
 Абиля Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)
 Голден Кэти Стромилл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)
 Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)
 Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Кожамжарова Дария Пернеишовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)
 Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)
 Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)
 Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)
 Кумек Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Матыжанов Кенжесхан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)
 Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)
 Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Гданьска (Польша)
 Римантас Желвис (Želvys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)
 Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)
 Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)
 Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)
 Таймагамбетов Жакен Кожашметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна
Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна
Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы
Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна
Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
 Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyzhanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қабыл А.Ә.

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің докторанты.
Қазақстан, Шымкент қ.

Аңдатпа. *Kіріспе.* Қазақстандағы XVIII ғ. соңы – XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты тақырыптарды оқыту теориясы мен практикасын зерттеу мәселесінің ғылыми-оқытулық маңызы өзекті боп саналады. Бұрын бұл мәселе арнайы ғылыми проблема ретінде қарастырылмаған. Бұл жағдайдың туындауына ұлт-азаттық қозғалыс тарихы теориясының және осы мәселені оқу процесіне енгізу практикасының сұрақтары жеткіліксіз зерттелгендігі басты себеп болды. Бұған көп жағдайда басқарушы режимнің идеологиялық үстемдігі және бұрынғы КСРО елдерінде нақты тәуелсіздіктің болмауы кедергі болды. Сондықтан бұл мақалада салыстырмалы түрде қазақ халқының тәуелсіздік үшін азаттық күресін зерттеу теориясы мен практикасының ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады. Атап айтқанда, XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың жекелеген мәселелері бойынша сауалнамалық зерттеудің мәліметтері келтірілген. Колледждер студенттері мен мектеп оқушыларына зерттелетін тақырып бойынша олардың хабардарлық дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар қойылды. Сауалнама ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеу теориясы мен практикасы мәселелері бір-біріне тікелей тәуелді екенін көрсетіп, ойландыратындай жағдай тудырды. Оқушылардың бұл тақырыпты оқып білуі, оны тәжірибелік түрде меңгеруге қатысуы әртүрлі теориялық және практикалық әдістер мен оқыту шеберліктеріне байланысты.

Түйін сөздер: қозғалыс, ұлт-азаттық, Қазақстан, тарихы, қазақтар, оқулық, оқу, үдерісі, оқыту, теориясы, халықтық, Ресей, империясы, тәуелсіздік, көтерілістер.

ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО-ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ

Қабыл А.А.

Докторант Южно-Казахстанского государственного педагогического университета.
Казахстан, г. Шымкент.

Аннотация. *Введение.* Вопросы разработки теории и практики преподавания тем, связанных с историей национально-освободительного движения в конце XVIII– начале XX веков в Казахстане имеют актуальное научно-образовательное значение. Ранее они не рассматривались в качестве специальной научной проблемы. Главной причиной подобного состояния были недостаточная разработанность вопросов теории истории национально-освободительного движения и практики внедрения этой проблематики в образовательный процесс. Во многом этому мешали идеологические установки правящего режима и отсутствие реальной независимости в странах бывшего СССР. Поэтому в данной статье в компаративном виде рассматриваются особенности

теории и практики изучения освободительной борьбы казахского народа за независимость. В частности, приведены данные анкетного опроса по отдельным вопросам национально-освободительного движения в конце XVIII - начале XX веков. Учащимся колледжей и школ были заданы вопросы, которые позволили выявить степень их информированности по изучаемой теме. Опрос показал, что вопросы теории и практики изучения истории национально-освободительного движения находятся в прямой зависимости друг от друга. Вовлечение учащихся в тему зависит от разнообразия теоретических и практических приемов и методов.

Ключевые слова: История Казахстана, казахи, народные восстания, национально-освободительное движение, независимость, теория обучения, Российская империя, учебник, учебный процесс.

FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18th – EARLY 20th CENTURIES IN KAZAKHSTAN

Kabył A.A.

Doctoral student of South Kazakhstan State Pedagogical University. Kazakhstan, Shymkent.

Abstract. Introduction. The issue of researching the theory and practice of teaching topics related to the history of the national liberation movement of the 18th - early 20th centuries in Kazakhstan are of current scientific and educational importance. Previously, they were not considered as a special scientific problem. The main reason for this problem was the insufficient elaboration of the questions of the theory of the history of the national-liberation movement and the practice of introducing this problem into the educational process. In many ways, this is hindered by the ideological attitudes of the ruling regime and the absence of real independence in the countries of the former USSR. Therefore, this article examines comparatively the features of the theory and practice of studying the liberation struggle of the Kazakh people for independence. Particularly, there were given survey data on special issues of the national-liberation movement of the 18th and beginning of the 19th centuries. Students of colleges and schools were asked questions which could distinguish the level of their knowledge about studied material. The survey showed that the questions on the theory and practice of study of the history of the national-liberation movement are directly correlated with each other. Involving the students to the theme is related to variety of theoretical and practical methods and devices.

Keywords: History of Kazakhstan, «Kazakhs, independence, folk's uprising's, national-liberation movements, learning theory, Russian empire, textbook, training.

Кіріспе

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» (Назарбаев, 2017) атты бағдарламалық мақаласының жалғасы ретінде 2018 жылдың 21-қараша күні «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласы жарияланды. Бағдарламаға құрылған мақаладағы тарихи сананы жаңғырту тарауында Ұлы даланың есімдері бойынша «Көпшіліктің санасында тарихи үдерістер, негізінен, тұлғаландыру сипатына ие болатыны белгілі» деп атап өтілді. Елбасы «Біздің даңқты батырларымыз, ойшылдарымыз бен ел билеушілеріміз - тек Қазақстан ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлем бойынша еліктеуге лайықты тұлғалар» дей отырып: «Төл тарихын білетін, бағалайтын және мақтан ететін халықтың болашағы зор болады деп сенемін. Өткенін мақтан тұтып, бүгінін нақты бағалай білу және болашаққа оң көзқарас таныту - еліміздің табысты болуының кепілі дегеніміз осы» - деп, қорытындылаған болатын (Назарбаев, 2018).

Төл тарихты оқытуда жан-жақты білім беріп ғана қоймай жас буын өкілдеріне елжандылық қасиеттерді бойларына дарытып тәрбиелеуде маңызды орын алатыны белгілі. Оның ішінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихын баяндай отырып, жас буын өкілдеріне ұлт-азаттық көтерілістердің отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін түсіндіру, күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер мен қатысқан тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргізуге бағдар беру, қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолдану, ұлт-азаттық қозғалыстың басшылары жөнінде кластер жасап көрсету, олардың ерлік істерін бағалау, бірге оқытындар арасында диалог жүргізу және т.б. жұмыс түрлерін жүзеге асырудың маңызы зор.

Талдау әдістері мен теория тәжірибесі

Әлемдегі екінші ұстаз Әбу Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей өткенді, қазіргі жағдайды, келешекті болжау қиын» десе, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы - тарих» - деп, жоғары бағалаған екен. Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болғаннан бастап төл тарихын оқытуға ерекше назар аударып келеді. Оның ішінде қазақ жерінде XVIII-XIX ғасырлар кезеңінде болған ұлт-азаттық қозғалыстар тарихы туралы көлемді зерттеу еңбектері жазылды, жаңа көзқарастағы пікірлер мен деректі құжат материалдары ғылыми айналымға қосылуда. Тарихшы ғалымдардың теориялық-әдістемелік және әдіснамалық негіздегі толымды еңбектері көпшілікке ұсынылып жүргені белгілі. Дегенмен, ұлт-азаттық көтерілісті зерттеу тарихы мен тарихнамасындағы осы күнге дейін өзінің толық, тіпті зерттелмей жатқан үлкен ғылыми және білім беру саласы үшін маңызы зор мәселе - ол осы тақырыпта жазылған еңбектердің, жалпы осы тақырыптың күнделікті оқу үдерісімен байланысы мен оқыту кезіндегі ерекшеліктері.

Қазақстан тарихының дербес және ең маңызды бөлігін алып жатқан ұлт-азаттық қозғалыс тарихын оқыту мәселесін теориялық тұрғыдан талдау – өте күрделі және жан-жақты, соның ішінде пәнаралық байланыстарды кеңінен пайдалану әдістерін талап ететін жаңадан дамып келе жатқан сала. Осы күнге дейін Қазақстандағы XVIII - XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихын оқыту үрдісі оқылықтар мен оқу құралдарымен әдістемелердегі фактаждық мәліметтерге сүйеніп келді. Алайда бұл тақырып бойынша толық теориялық сараптамалар мен ізденістер жргізілмеді. Оның басты себебі – қарастырылып отырған ғылыми мәселе бойынша арнайы зерттеулердің тапшылығы мен мамандардың дайындалмағандығы болды. Тәуелсіздік арқасында бұл мәселемен айналысуға көптеген мүмкіндіктер пайда болды, жағдай жасалынды. Мысалы, М.Қ. Қозыбаев (Қозыбаев, 2007), К.Н. Нұрпейіс (Нурпеис, 1995), В.З. Галиев (Галиев, 1993), Е.Ж. Валиханов (Валиханов, 2004), Ж.Б. Абылхожин (Абылхожин, 2007), М.Қ. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2004), М.Ж. Әбдіров (Абдиров, 2000), Г.К. Несіпбаева (Несипбаева, 1997), Б.М. Сужиков (Сужиков, 1993) еңбектерінде тарих теориясының мәселелері қойылып, нақты көрінісін тапты.

Қазақстандағы XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихы теориясына С.Ф. Мәжитов өз еңбектерін арнады (Мажитов, 2007). Оларда ұлт-азаттық қозғалыс тарихының теориялық мәселелері жан-жақты қамтылып, бұл тақырыпты зерттеудегі жаңа көзқарастар мен бағыттар көрсетілген (Мажитов, 2013). Солардың бірі – ұлт-азаттық қозғалыс тарихына арналған оқу процесі мен оны зерттеу мәселелері. Бұл тұрғыдан алғанда С.Ф. Мәжитовтың авторлығы және ғылыми жетекшілігімен жазылған электрондық оқулықтар (Мажитов, 2010) және цифрлық білім бері ресурстары (Мажитов, 2011) қарастырып отырған тақырып бойынша үлкен қызығушылық танытып, арнайы зерттеу объектісі бола алады.

«Ұлт-азаттық қозғалыс» тақырыбын оқыту теориясы. Ресей империясының ықпалына қарсы дүркін-дүркін көтеріліп тұрған қазақ халқының қарсылығы тарихнамады әртүрлі бейнеленедім (Национально-освободительная борьба казахского народа в конце XVIII-XIX

первой половине века, 1994). Қазақстандағы XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс барысында қарсыластықтың әртүрлі типтері кездеседі. Оларды сипаттауда кәсіби тарихылардың өзі сан алуан ұстанымдарды байқатады. «Көтеріліс», «ұлт-азаттық күрес», «халық-азаттық күрес», «қарсыластық», «шаруалар көтерілісі», «қақтығыс», т.б. дефиницалар орын алған (Қазақ көтерілістері, 2014).

Қазіргі қақтығыс теориясы этникалық жанжалды зерттеудің әдіснамасын ұсынады, онда оны талдаудың дәйекті және логикалық жүйесі қабылданады: оқиғаны дер кезінде белгілеу, тұрпаттарды (типтерді) жіктеу, пайда болу себептері, оған тән әлеуметтік функцияларды анықтау, бақылау және шешілу жолдарын көрсету. Алайда, ғасырлар мен кезеңдер бойындағы этникалық қақтығыстарға қатысты қазіргі заманғы аналитикалық құралдарды қолдану, әрине, дұрыс емес. Этникалық қақтығыстарға архаикалық тұрпаттағы және де қазіргі заманғыдағыларды да жатқызуға болады (Российская империя в сравнительной перспективе, 2004).

XVIII - XX ғасырдың басына дейінгі кезеңге қатысты процестерді белгілі бір аралық типке жүгінсе орынды болар еді, себебі бұл өзара қирату, геноцид түрінде болған қарапайым, сыртқы институцияларға бағынбайтын қақтығыс емес. Қарастырылып отырған тарихи кезеңдегі аталған оқиғалар қазіргі заманғы түсініктегі қақтығыс түрінде, белгілі бір тежеу механизмдері бар «текетірес» түрінде болды. Бірақ, ең алдымен, бұл текетірестің өте саясаттандырылған, идеологиялық тұрғыдан негізі бар, қатысушылардың саяси, әлеуметтік, конфессиялық, аумақтық және басқа да талаптарды қанағаттандыруға бағытталғандығын ескеру қажет.

Жеке адамды емес, негізінен ұжымдық қозғалыстарды сипаттауды басты мақсаты етіп қойған кеңестік тарихнаманың жағдайында этникалық ерекшеліктер мен ұлттың сана-сезімін көтерудегі жеке адамның рөлі сияқты мәселелер көп жағдайда зерттеу объектісі бола алмады. Нәтижесінде зерттеушілер ұлт-азаттық қозғалысында осы факторларды куәландыратын мұрағаттық және деректі материалдардың көбін пайдалана алмай жатты. Оңтайлы тұстарда авторлар жеке тұлғаның қызметін бұқарамен байланыстырып отырды, сондықтан көркем әдебиетте «қолбасшы», «қолбасшылығындағы көтеріліс», т.б. терминдері пайда болды. Алайда, ұлт-азаттық қозғалыстар методологиясының теориясы тұрғысынан қарастырғанда заманның саяси конъюнктурасына бейімделген бұндай ұғымдар, нақты тарихи жағдайдың тікелей көрінісін жеткізе алмады. «Қолбасшы» анықтамасын енгізу арқылы, мәселені бірінші кезекте ұжымдық тұрғыдан қарастыратын сол кездегі жүйе жеке тұлғаның әрекетін қалың бұқараның арасында, «шайканың» ішінде көрінбейтіндей етуге тырысты. Сайып келгенде мұндай ұстаным этникалық ерекшеліктермен қатар жеке тұлғаның позициясын, оның санасын, моральын, менталитетін және дүниетанымын бір бояумен бояп, қайталанбас қасиеттердің барлығын жойып жібереді. Мұндай жағдайда «көшбасшы», «көсем» ұғымдарын қолданған дұрыс. Жеке тұлғаның ұжымымен танудың кері процесінің көрінісі бола отырып, бұл анықтамалар әлеуметтік немесе саяси қозғалыстың белгілі бір формасының жетекшісі болған адамның жеке басын, көшбасшылық қасиеттерін қоғамның мойындауын көрсетеді. Әсіресе демократиялық бастама тарихи өмірдің ажырамас бөлігі болған қазақ қоғамы жағдайында, көшбасшыны тану оның басшылығы қабылдаған шешімдердің, жасаған іс-қимылдардың тұрақтылығы мен максималды тиімділігінің әлеуметтік-саяси өлшемінің объективті көрсеткіші болды. Сондықтан қазақтың алғашқы мемлекеттері пайда болғаннан бастап, әсіресе Қазақ хандығы тұсында жоғарғы билеушінің көшбасшылық қасиеттеріне ерекше көңіл бөлінгені кездейсоқ емес.

Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын зерттегенде, көтеріліске шыққандардың ұлттық болмысы, ерекшелігі мен ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік тұрмыс-тіршілігі алдыңғы қатарға шығады. Бас көтерулердің негізгі тұлғаларына жағымсыз таңбалар тағылды, олардың ішінде «жыртқыштар» («хищники») деген сөз жиі қолданылды. Егер қарастырылып отырған жағдай мемлекеттік мүддеге қауіп төндіретіндей ірі дәрежеге жататын болса, құжаттың үні әлдеқайда жоғары эмоциялық реңкке ие боп отырды.

Өкінішке орай, тиісті мұрағат материалдарының болмауына немесе құжаттардың жеткіліксіз көлеміне байланысты шиеленісті оның қатысушыларының өздері қалай қабылдағанын анықтау мүмкін емес. Бірақ кейбір жағдайларда ондай деректер кездесіп тұрады (Мажитов, 2007).

Жоғарыда аталған теориялық мәселелерге байланысты оқу процесін жаңадан сараптап, ұлт-азаттық қозғалысқа қатысты материалдарды қайта қарастырған жөн (Қойгелдиев, Төлеубаев, Қасымбаев, 2007). Отандық тарихнамада Қазақстандағы XVIII - XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты тақырыптарды оқыту практикасына арналған арнайы ғылыми еңбектер жазылмаған. Бұған байланысты арнайы социологиялық немесе басқа зерттеулер де жүргізілмеген. Бұл тақырып көбінесе әдіснамалық құралдар мен дидактикалық деңгейде өз көрінісін тапқан. Олардың басым бөлігі жоғарғы оқу орындарына арналған, яғни арнайы сауалнамалық немесе социологиялық қорытындыларға негізделмеген.

Оқыту үдерісінің тәжірибесі: сауалнамалық талдау. 2020 жылдың ақпан және наурыз айларында «Қазақстандағы XVIII - XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы» тақырыбы бойынша Шымкент қаласындағы Тұрар Рысқұлов атындағы №25 мектеп-гимназиясы, Ыбырай Алтынсарин атындағы № 65 мектеп-гимназиясы, № 28 жалпы орта мектебі, Саттар Ерубасов атындағы № 24 мектеп-лицейінің 8-сынып оқушыларымен және Политехникалық колледжі мен Манап Өтебаев атындағы Жоғары жаңа технологиялар колледждерінің 1-курс студенттерімен сауалнамалық зерттеулер жүргізілді.

Сауалнамаға жоғарыда көрсетілген мектептерден - 139 оқушы, колледждерден - 49 білім алушылар, барлығы - 188 респондент қатысты. Сауалнама бойынша респонденттерге 10 сұрақ қойылды. Статистикалық қорытындылар бойынша арнайы кесте жасалынды (Кесте 1).

Сауалнама үшін іріктелініп алынған 10 сұрақтарды құрастыру барысында

XVIII - XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәні түсініктілігіне; ұлт-азаттық күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлер танымалдығына; XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысты тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргізілгендігіне; оқушылардың сабақ барысында қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолданып көргендігіне; Қазақ жеріндегі XVIII - XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихындағы қайраткер тұлғаларының мұралары сақталған музей орындарына барғандығына; XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша қандай әдебиеттер мен басылымдарды оқығандығына; ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының ерлік істерін қалай бағалайтындығына; ұлт-азаттық күрестердің тарихы мен батыр тұлғалар туралы жас ұрпақтың танып білулері үшін не істеу керек деп ойлайтындығына; XVIII - XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша сыныптас достарының арасында диалог бола-болмайтындығына; ұлт-азаттық көтеріліс басшыларына кластер жасап көргендіктеріне арналған мәселелер көтерілді. Атап айтқанда, XVIII-XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың жекелеген мәселелері бойынша сауалнамалық зерттеудің мәліметтері келтірілген. Колледждер студенттері мен мектеп оқушыларына зерттелетін тақырып бойынша олардың хабардарлық дәрежесін анықтауға мүмкіндік беретін сұрақтар қойылды.

Мазмұны жағынан қарастырғанда бұл сауалнаманың басты мақсаты – мектеп оқушылары мен колледждердегі білім алушылардың Қазақстандағы XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстары бойынша танымдық-тәжірибелік қабылеттерін анықтау болды. Ал социологиялық жағынан – мектептер мен колледждердегі осы тақырыпты танып-білетін оқушылар мен білім алушылардың санын анықтау мақсаты қойылды. Сонымен қатар бұл сауалнама қорытындыларымен аталған оқу орындарының тарихшылары мен осы тақырыпқа қатысты пәнаралық байланыстары жүргізетін басқа да ұстаздарды таныстыру мақсаты да көзделінген болатын.

Сауалнаманың мазмұндық нәтижелері бойынша XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәні 188 оқушы мен білім алушылардың «ия/түсінікті» деп жауап бергендер саны 143, яғни 76 % құрады. 29 бала, яғни 15,4 % «жоқ/түсінікті емес» деп, 5 бала, яғни 7,9 % «қайталап оқу керек» деген жауап қайтарды. «Ұлт-азаттық күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлерді білесің бе?» деген сұраққа 188 оқушы мен білім алушылардың «білемін» деп жауап бергендер саны 145, яғни 77,1 % құрады. 43 бала, яғни 22,8 % «білмеймін» деп, «алдағы уақытта білетін боламын» деп ешбір бала айтпады. XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысты тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргізілгендер саны 81, яғни 43,1 % құрап, 107-сі (56,9 %) мұндай жұмысқа тартылмағанын танытты. «Мән бермедім» дегендер болмады. «Сабақ барысында қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолданып көрдің бе?» деген сұраққа 188 оқушы мен білім алушылардың «ия/көрдім» деп жауап бергендер саны 139, яғни 73,9 %. Ал 49 бала, яғни 26 % «көрген жоқпын» деп, «үйрену керек» деп ешбір бала айтпады.

Қазақ жеріндегі XVIII-XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихындағы қайраткер тұлғаларының мұралары сақталған музей орындарына жалпы 188 адамнан барып көргендер саны 50 (26,6 %), бармағандары – 135 (71,8 %). 3 оқушы (1,6 %) «қызықпаймын» деген жауап қайтарды.

XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша тарихи-деректік кітаптарды – 128 (68,1 %), әдеби көркем кітаптарды – 38 (20,2 %), мерзімдік баспасөздерді (газет-журналдарды) – 22 (11,7 %) оқыған. Ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының ерлік істерін бағалау бойынша – 182 (96,8 %) «жоғары», 6 (3,2 %) «орташа», 0 «төмен» деген жауап қайтарылған.

«Ұлт-азаттық күрестердің тарихы мен батыр тұлғалар туралы жас ұрпақтың танып білулері үшін не істеу керек деп ойлайсың?» деген сұраққа 106 (56,4 %) «тарихи кинофильмдер түсіру», 36 (19,1 %) «анимациялық фильмдерді (мультипликациялық фильмдер) шығару», 46 (24,5 %) «патриоттық негіздегі жұмыстарды арттыру» деген ұсыныстар айтылған. Жоғарыда көрсетілген 188 респонденттің 126-сы (67 %) XVIII-XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша сыныптас достарының арасында диалог болатыны жайлы айтып, 62 адам (33,0 %) «жоқ, болмайды» деп жауап қайтарған. Мұндай диалогтың орын алуы жайлы «айта алмаймын» деген жауап жоқ. Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларына кластер жасап көргендіктердің саны - 83 (44,1 %) респондент. 95 (55,9 %) оқушы мен білім алушылар мұндай оқыту әдісімен айналыспаған, яғни «жоқ, жасап көрмедім» деп жауап берген. 188 сауалнаманың бұл оныншы сұрағына жауап қайтарған адамдардың ешқайсысы кластер жасауды «күрделі жұмыс» қатарына жатқызбаған.

Жалпы сауалнамалық зерттеу барысында бірқатар терең талдауды талап ететін мәселелер анықталды. Аталған оқу орындарында оқушылар мен білім алушылар ұлт-азаттық қозғалыстардың отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәнін толық түсінбейді. Сонымен қатар тақырыпқа қатысты теориялық және практикалық сұрақтарға байланысты жағдайларда олар толық қанағаттандыратындай жауап қайтара алмаған. Яғни респонденттердің зерттеушілік қабылеті де әрі қарай дамуын талап етеді.

Сауалнама ұлт-азаттық қозғалыс тарихын зерттеу теориясы мен практикасы мәселелері бір-біріне тікелей тәуелді екенін көрсетіп, ойландыратындай жағдай тудырды. Оқушылардың бұл тақырыпты оқып білуі, оны тәжірибелік түрде меңгеруге қатысуы әртүрлі теориялық және практикалық әдістер мен оқыту шеберліктеріне байланысты.

Кесте 1. Қазақстандағы XVIII - XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихын оқу барысы жөнінде мектеп және колледж студенттеріне жүргізілген сауалнама көрсеткіштері

P/c	Сұрақтар	Жауаптар	Барлығы		
1.	XVIII - XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың отаршылдыққа қарсы сипаты және тарихи мәні түсінікті ме ?	ия, түсінікті	жоқ, түсінікті емес	қайталап оқу керек	
Респонденттер	Оқушылар	105	29	5	139
Білім алушылар	38	11	0	49	
2.	Ұлт-азаттық күреске басшылық еткен тарихи қайраткерлерді білесің бе?	білемін	білмеймін	алдағы уақытта білетін боламын	
Респонденттер	Оқушылар	117	22		139
Білім алушылар	28	21		49	
3.	XVIII - XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстарына қатысты тұлғаларға сараптама жасап, зерттеулік ізденіс жүргіздің бе ?	ия	жоқ	мән бермедім	
Респонденттер	Оқушылар	55	84		139
Білім алушылар	26	23		49	
4.	Сабақ барысында қозғалыс басшылары, көтерілістің барысы жөнінде кестелер мен тест әдісінің түрлерін қолданып көрдің бе?	ия, көрдім	көрген жоқпын	үйрену керек	
Респонденттер	Оқушылар	100	39		139
Білім	39	10		49	

алушылар					
5.	Қазақ жеріндегі XVIII - XIX ғасырлардағы ұлт-азаттық қозғалыстар тарихындағы қайраткер тұлғаларының мұралары сақталған музей орындарына бардың ба ?	ия, көрдім	барып	көрген жоқпын	қызықпаймын
Респонденттер	Оқушылар	24	112	3	139
Білім алушылар	26	23	-	49	
6.	XVIII - XIX ғғ. ұлт-азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша қандай әдебиеттер мен басылымдарды оқыдың?	тарихи-деректік кітаптарды	әдеби кітаптарды	көркем	мерзімдік баспасөздерді (газет-журналдарды)
Респонденттер	Оқушылар	101	26	12	139
Білім алушылар	27	12	10	49	
7.	Ұлт-азаттық қозғалыс басшыларының ерлік істерін қалай бағалайсыз?	жоғары	орташа	төмен	
Респонденттер	Оқушылар	133	6	-	139
Білім алушылар	49	-	-	49	
8.	Ұлт-азаттық күрестердің тарихы мен батыр тұлғалар туралы жас ұрпақтың танып білулері үшін не істеу керек деп ойлайсың?	тарихи кинофильмдер түсіру	анимациялық фильмдерді (мультипликациялық фильмдер) шығару	патриоттық негіздегі жұмыстарды арттыру	
Респонденттер	Оқушылар	84	29	26	139
Білім алушылар	22	7	20	49	

9.	XVIII - XIX ғғ. ұлт - азаттық қозғалыстардың тарихы бойынша сыныптас достарыңның арасында диалог болады ма?	ия, болады	жоқ, болмайды	айта алмаймын
Респонденттер	Оқушылар	101	38	139
Білім алушылар	25	24		49
10	Ұлт-азаттық көтеріліс басшыларына кластер жасап көрдің бе ?	ия, жасадым	жоқ, жасап көрмедім	күрделі жұмыс
Респонденттер	Оқушылар	65	74	139
Білім алушылар	18	31		49
Барлығы	188			

Жанқожа Нұрмұхамедұлы көтерілісін оқыту ерекшеліктері. Ұлт-азаттық қозғалыс жүзеге асуы үшін өте маңызды факторлардың бірі – лайықты көшбасшысы, көсемі болуы шарт. Ұлттық идея мен мемлекеттік билік талабына жауап берген ұлт-азаттық қозғалысының тізгінін дана Абай атамыз айтқан ел басқаратын мәртебесі бар тұлғалар ұстады. Тап осындай мәнді белгілерге ие ұлт-азаттық қозғалысы Отан тарихында терең із қалдырғаны белгілі.

Арал өңіріндегі қазақтардың Хиуаның және Ресей патшалығының отаршылдығына қарсы азаттық қозғалысын басқарған ұлт тарихындағы аса ірі тұлға – Жанқожа батыр Нұрмұхамедұлы. Қасиетті бабаның ерлікке толы өмір жолына қызығушылық мектеп оқушылары үшін тарихи-көркемдік кітаптарды оқудан басталады. Туған жерім Қазалы қаласында 1992 жылы күз айында Жанқожа батыр кесенесінің салтанатты ашылуында мен өзге оқушылармен бірге сахналық киіммен бір сапта тұрғаным әлі есімде екенін айта кетейін. Кесене бүгінгі күні мемлекет қорғауына алынған, халық тағзым етер архитектуралық ескерткіш болып асқақтап тұр.

Жанқожа батыр өз жауынгерлерімен бірге Әмудария мен Сырдария арасында орналасқан Хиуаның әскерлеріне қарсы күресті 1836 жылы бастаған. 1842 жылы ірі бекініс Бесқаланы, 1843 жылы Қуандариядағы Хиуа бекінісін қиратты, ал 1845 жылы Сырдарияның төменгі ағысындағы қиратылған бекіністерді қалпына келтіру үшін Хиуа ханы жіберген саны екі мың адамға жететін жау әскерлерін талқандайды. Сол 1845 жылы жаздың соңында Кенесары хан Қоқанға қарсы күресін бастай отырып, Жанқожа батырдан көмек сұрады. Ермұхан Бекмаханов өзінің «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында» еңбегінде: «Кенесары оған былай деп жазды: «Жанқожа батыр, қоқандықтар біздің қазақтарға тыныштық бермеуде: тонауда, өлтіруде, қоқандық бастықтар сіздің ағаңыз Сарманбиді өлтірді, сондықтан сізден сұрайтыным: егер Сіз келіссеңіз, онда мен Ұлы және Орта ордалардан жігіт жинап, Созақ қаласына келемін, ал Сіз Кіші ордадан жігіт жинап, қоқандықтармен соғысу үшін Созаққа келіңіз» - деп, беріледі (Бекмаханов, 1994: 201). Жанқожа батыр Кенесары ханмен бірге Сырдарияның төменгі ағыстарында орналасқан

қоқандықтардың әскери бекіністері болған Жаңақорғанға, Күмісқорғанға, Шымқорғанға, Қосқорғанға шабуыл жасады. Жоғарыда баяндалған Кенесарының өтініші бойынша қоқандықтардың Созақ бекінісін алуға қатысты.

Орыс әскері Сырдың Арал теңізіне құяр сағасына жақын жерде орналасқан Райымды жаулап алған кезінде ел арасында, Сыр бойы мен Қарақұмды жайлайтын қазақтар арасында өте беделді, аса абыройлы болған Жанқожа батырға орыс басшылары өз мақсаттарына пайдалана алуы үшін жасауыл шенін береді. Алғашқы кезде Сыр бойындағы қазақтар мен Райымда бекінген орыстар арасында жақсы қарым-қатынас орнайды. Орыс әкімдерінің Жанқожа батырға аса сақтықпен қарағаны байқалады. Оған жасауыл шені берілгенде, батыр заң бойынша ант беруге тиіс еді. И.В. Аничковтің «Қазақ батыры Жанқожа Нұрмұхаммедұлы» деп аталатын ақ патша әскерінің Сыр бойындағы алғашқы қадамы туралы тарихи очеркінде сол кездегі жазылған хұжаттарда коменданттың батырды фортқа шақырып, артық мазалаудан қашып, діни сезіміне тиюден қорқып, ант беру салтанатын өткізе алмағандығы, ақыры ол ниет іске аспай, сол бір ант қағазының бұрынғы Райым бекінісінің архивінің бір жерінде сақталынып келгендігі ашық айтылған деп жазылған.

1856 жылдың аяғына қарай басталған қарулы күреске Есет Көтібарұлы және орыс жазбаларында жаратылысынан ақылды да мықты деп бейнеленетін Жанқожа Нұрмұхаммедұлы басшылық жасады. 1857 жылдың қаңтарында қатары бес мыңға жеткен көтерілісшілердің Орынбор генерал-губернаторы В.Перовскийдің нұсқауындағы зеңбіректермен қаруланған казак-орыс отрядымен қақтығыс Қазалыға жақын жердегі Арықбалық алқабында болғандығы, Жанқожа батырдың өзі ең алдында ақ туын көтере қол бастап шабуылға шыққандығы «Түркістан жинағында» жарияланған мәліметте баяндалған. Көтерілісшілер тең емес күште ауыр шығынға ұшырап көтеріліс талқандалды. 1860 жылы патша әкімшілігінің арнаулы жазалау жасағы Қызылқұмда жалғыз үй отырған қарт Жанқожа батырды мерт етті. Бейіті Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы Кәукей ауылынан 150 шақырымдай жерде, Қазақстан мен Қарақалпақ жерлерінің қиылысқан шекарасында тұр.

Қазіргі кезде батыр бабадан қалған мұра ретінде өз сауыты ұрпақтарының қолында сақтаулы екені белгілі.

Бүгінгі күнде батыр жөнінде көптеген ізденістер жүргізіліп, зерттеу материалдары жарияланса да өмір сүрген жылдары туралы жаңсақ мәліметтер оқулық (Қазақстан тарихы, 2010) пен оқу құралдарында (XIV және XX ғасырлар аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар, 2015), әдістемелік-педагогикалық журналдарда басылған материалдарда жарияланып келеді (Қазақстан тарихы, 2010: 77). Сонымен бірге басылымдарда Кенесары ханның Жанқожа батырдың қызына үйленгендігі жөнінде жазылған мағлұматтар кездеседі. Дұрысы батырдың қызы емес, қарындасы болып келеді.

Оқушыларға ұсынатын зерттеу мақсаттарының бірі – Жанқожа батырдың болуы мүмкін фотосуретін іздестіріп көру. Мысалы, кейінгі жылдары үзеңгілес оның замандасы Есет батырдың фотобейнесі табылып, оқу материалдарына енгізілді. 1847 жылы батырдың генерал-губернатор В.Обручевпен кездескені мәлім. Сол кезде түскен фотодеректік бейнесі сақталуы мүмкін-ау деген жорамал бар. Бұл жөнінде батыр бабамыз туралы үлкен еңбек етіп жүрген жазушы Молдахмет Қаназов өз мақаласында жазған болатын.

Келешекте қазақ тарихында өз елінің азаттығын мұрат тұтып, ғұмырын отаршылдық пен езгіге қарсы күреске арнаған қаһарман тұлға Жанқожа батыр Нұрмұхаммедұлы туралы жүйелі зерттеу жұмыстары әлі де жалғасып, оқу процесі үшін жаңалықтар бермек.

Қорытынды

XVIII-XX ғасырдың басына дейінгі кезеңде қазақ халқының басынан көптеген сынақтар өтіп, ұлт ретінде тарих сахнасынан біржолата кету қаупі төнді. Бұл тарихи шындық. Қазақтың тәуелсіз мемлекетін жою нәтижесінде қазақтың кең-байтақ жері Ресей империясының провинцияларының біріне айналды. Жерді тартып алу, орыс шаруаларының жаппай келіп қоныстануы, табиғи ресурстарды бейберекет пайдалану, дәстүрлі басқару тәсілінің жойылуы, христиан дініне күштеп өткізумен орыстандыру қазақтардың ұлт ретінде сақталып қалуына қауіп төндірді. Осылайша қысымдықтан әбден үміті үзілген халық Ресейдің отарлау саясатына қарсы басқөтерулер ұйымдастыра бастады. Осы мәселелерге қатысты жаңа проекциядағы Қазақстандағы азаттық қозғалысына арналған сауалнамалық зерттеулер қажеттілігі күн тәртібінің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ұлт-азаттық күресіне арналған зертеулер мен оқулықтарды теория мен практиканың байланысы тұрғысынан қарастырып, осы салада мамандарды дайындау қажет. Сонымен қатар бұл мәселелер бойынша әдістемелік құралдар мен лекцияларды даярлап, мектеп, колледж, жоғарғы оқу орындарының оқушыларына арналған арнайы курстар өткізу керек.

Жалпы айтқанда, Қазақстандағы XVIII - XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыс тарихына байланысты тақырыптарды оқыту теориясы мен практикасын зерттеу мәселесінің ғылыми-оқытулық маңызы өзекті боп саналады. Бұрын бұл мәселе арнайы ғылыми проблема ретінде қарастырылмаған. Бұл жағдайдың туындауына ұлт-азаттық қозғалыс тарихы теориясының және осы мәселені оқу процесіне енгізу практикасының сұрақтары жеткіліксіз зерттелгендігі басты себеп болды. Бұған көп жағдайда басқарушы режимнің идеологиялық үстемдігі және бұрынғы КСРО елдерінде нақты тәуелсіздіктің болмауы кедергі болды. Сондықтан бұл мақалада салыстырмалы түрде қазақ халқының тәуелсіздік үшін азаттық күресін зерттеу теориясы мен практикасының ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады.

Әдебиеттер мен деректер тізімі

- Назарбаев Н.Ә. Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру. / Егемен Қазақстан. – 2017. – 12 сәуір.
 Назарбаев Н.Ә. Ұлы даланың жеті қыры. / Егемен Қазақстан. – 2018. – 21 қараша.
 XIV және XX ғасырлар аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар. Оқу құралы. - Алматы: Дәуір, 2015. – 446 б.
- Абдиров М.Ж. Завоевание Казахстана царской Россией. – Астана: Елорда, 2000. – 299 с.
 Абылхожин Ж.Б. и др. Очерки по историографии и методологии истории Казахстана: монография. – Алматы: КазАТиСО, 2007. – 320 с.
 Бекмаханов Е.Б. Казахстан XIX ғасырдың 20-40-жылдарында. - Алматы: «Санат», 1994. - 356 б.
 Валиханов Э.Ж. Кенесары. – Москва: Молодая гвардия, 2004. – 232 с.
 Галиев В.З. Движущие силы народно-освободительной борьбы под предводительством Кенесары Касымова / Абылай хан. Кенесары (проблемы национально – освободительного движения). – Алматы: Ғылым, 1993. – С. 102-103.
 Қазақ көтерілістері: Энциклопедия. / Бас ред. Б.Ө. Жақып. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2014. - 279 б.
 Қазақстан тарихы. – 2010. - № 9 (96).
 Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. – Алматы: «Атамұра», 2010. – 390 б.
 Қазақстан тарихы: Аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері. Жалпы білім беретін мектептің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. / М. Қойгелдиев, Ә. Төлеубаев, Ж. Қасымбаев, т.б. / Арнайы редакторы С.Ф. Мәжитов. – Алматы: «Мектеп», 2007. - 304 б.
 Қойгелдиев М. К. Ұлттық саяси элита. – Алматы: Жалын, 2004. – 400 б.
 Қозыбаев Манаш. Шығармалары. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2013. Т.3. - 281 б.
 Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития: Монография. – Алматы: Ассоциация издателей и книгораспространителей Казахстана, 2013. - 262 с.
 Мажитов С.Ф. Проблемы истории, теории и историографии народно-освободительного движения XVIII - начала XX вв. в Казахстане: Монография. – Алматы: Мектеп, 2007. - 350 с.
 Мажитов С.Ф. История Казахстана. Электронный учебник. 8 класс. – Алматы: Республиканский центр информатизации, 2010.
 Мажитов С.Ф. История Казахстана. Цифровые образовательные ресурсы. 8 класс. – Алматы: Республиканский центр информатизации, 2011.
 Национально-освободительная борьба казахского народа в конце XVIII-XIX первой половине века. – Алматы: НБ РК, 1994. – 26 с.

Несипбаева К.Р. Современная англо-американская историография русской экспансии и колонизации Центральной Азии и Казахстана (XVIII – начало XX в.). – Алматы: Қазақ университеті, 1997. – 191 с.

Нурпеис К.Н Алаш һәм Алаш Орда. – Алматы: Ататек, 1995. – 256 с.

Суужиков Б.М. Казахская политическая элита и трансформация этнической тождественности на рубеже XIX-XX вв. в зарубежной историографии / Казахстан в начале XX века: методология, историография, источниковедение. – Алматы: Типография УД Apparata Prezidenta RK, 1993. – Вып. 1. – 83 с.

Российская империя в сравнительной перспективе. Сборник статей. – Москва: Новое издательство, 2004. – 393 с.

References

Nazarbaev N.Ä. Bolashaqqa baǵdar: rýhanı jańǵyrý. / Egemen Qazaqstan. – 2017. -12 sáyır.

Nazarbaev N.Ä. Uly dalanyń jeti qyry. / Egemen Qazaqstan. – 2018. – 21 qarasha.

XIV jáne XX ǵasyrlar aralyǵyndaǵy Qazaq eliniń tarihy boyınsha leksialar. Oqý quraly. - Алматы: Dáýir, 2015. – 446 b.

Abdiror M.Zh. Zavoevanie Kazakhstana czarskoj Rossiej. – Astana: Elorda, 2000. – 299 s.

Aby'lkhozhin Zh.B. i dr. Ocherki po istoriografii i metodologii istorii Kazakhstana: monografiya. – Алматы: KazATiSO, 2007. – 320 s.

Bekmahanov E.B. Qazaqstan XIX ǵasyrdyń 20-40-jyldarynda. – Алматы: «Sanat», 1994. - 356 b.

Valikhanov E. Zh. Kenesary. – Moskva: Molodaya gvardiya, 2004. – 232 s.

Galiev V.Z. Dvizhushhie sily` narodno-osvoboditel`noj bor`by` pod predvoditel`stvom Kenesary` Kasy`mova / Aby`laj khan.

Kenesary` (problemy` naczional`no – osvoboditel`nogo dvizheniya). – Алматы: Gy`ly`m, 1993. – S. 102-103.

Qazaq kóterilisteri: Ensiklopedia. / Bas red. B.Ó. Jaqyp. – Алматы: «Qazaq ensiklopediasy», 2014. – 279 b.

Qazaqstan tarihy. – 2010. – № 9 (96).

Qazaqstan tarihy (kóne zamannan búginge deın). Bes tomdyq. 3-tom. – Алматы: «Atamura», 2010. – 390 b.

Qazaqstan tarihy: Asa mańyzdy kezeńderi men ǵylymı máseleleri. Jalpy bilim беретin mekteptiń qoǵamdyq-ǵymanıarlyq baǵytyndaǵy 11-synybına arnalǵan oqýlyq. / M. Qoıgeldiev, Ä. Tóleýbaev, J. Qasymbaev, t.b. / Arnary redaktory S.F. Májitov. – Алматы: «Mektep», 2007. – 304 b.

Qoıgeldiev M. K. Ulttyq saıası elita. – Алматы: Jalyn, 2004. – 400 b.

Qozybaev Manash. Shyǵarmalary. – Алматы: «Qazaq ensiklopediasy», 2013. T.3. – 281 b.

Majitov S.F. Istoricheskaia náyka Kazahstana: sovremennoe sostoianie i tendensii razvitiia: Monografia. – Алматы: Assosiasia izdatelei i knıgorasprostraniteli Kazahstana, 2013. – 262 s.

Majitov S.F. Problemy istorii, teorii i istoriografii narodno-osvoboditel'nogo dvizhenia XVIII - nachala XX vv. v Kazahstane: Monografia. – Алматы: Mektep, 2007. – 350 s.

Majitov S.F. Istoria Kazahstana. Elektronnyı ýchebnik. 8 klass. – Алматы: Respýblikanski sentr informatizatsii, 2010.

Majitov S.F. Istoria Kazahstana. Sifrovye obrazovatelnye resýrsy. 8 klass. – Алматы: Respýblikanski sentr informatizatsii, 2011.

Nasionálno-osvoboditelnaia bórbá kazahskogo naroda v konse XVIII-HIH pervoi polovine veka. – Алматы: NB RK, 1994. – 26 s.

Nesipbaeva K.R. Sovremennaa anglo-amerikanskaia istoriografia rýsskoı ekspansii i kolonizatsii Sentrálnoi Azii i Kazahstana (XVIII – nachalo XX v.). – Алматы: Qazaq ýniversiteti, 1997. – 191 s.

Nýrpeis K.N Alash ham Alash Orda. – Алматы: Atatek, 1995. – 256 s.

Sýjikov B.M. Kazahskaia politicheskaja elita i transformatsia etnicheskoı tojdestvennosti na rýbeje HIH-HH vv. v zarýbejnoı istoriografii / Kazahstan v nachale HH veka: metodologija, istoriografija, istochnikovedenie. – Алматы: Tipografija ÝD Apparata Prezidenta RK, 1993. – Vyp. 1. – 83 s.

Rossiiskaia imperia v sravnitelnoi perspektive. Sbornik statei. – Moskva: Novoe izdatelstvo, 2004. – 393 s.

МАЗМҰНЫ

Абдукадыров Н.М., Ақынова А.П. ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАТЫРЛАР ИНСТИТУТЫ ЖӘНЕ ОСМАН ИМПЕРИЯСЫНДА ЯНЫЧАРЛАР ӘСКЕРИ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІ (XV-XVIII ғғ.).....	5
Алдажұманов Қ.С., Шілдебай С.Қ., Асанова С.Ә. ҚАЗАҚСТАННЫҢ СОҒЫС КЕЗІНДЕГІ ТАРИХЫНАН (1941-1945).....	17
Ахмет А.Қ., Шотанова Ғ.А., Қозыбақова Ф.А. ЭТНОГРАФ-ҒАЛЫМ САЛЫҚ БАБАЖАНОВ.....	32
Әбсадық А.А. КЕЙКІ МЕРГЕН: ХАЛЫҚТЫҚ БАЯНДАУЛАР ЖӘНЕ ЖАЗБА ДЕРЕКТЕР	44
Әбсадық А.А., Исенов Ө.И. КЕЙКІ БАТЫР: ЖЫЛАНШЫҚ-ЖАЛАУЛЫДАҒЫ ҚАНДЫ ОҚИҒА	57
Әпендиев Т.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ САНДЫҚ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТЕР.....	69
Байдалы Р.Ж. 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗІНДЕГІ ОРТА АЗИЯ РЕСПУБЛИКАЛАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ БОСҚЫНДАРЫ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жүзбаева Ұ.Д. «ТАҚУИМ ӘЛ-БҰЛДАН» ДЕРЕККӨЗІНДЕГІ ЖЕРОРТА ТЕҢІЗІ АРАЛДАРЫ ЖӘНЕ АТЛАНТ МҰХИТЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯСЫ.....	91
Бисембаева Л.А. ТАУАР-АҚША ҚАТЫНАСТАРЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ ҚАЗАҚТАРЫ (XIX ғасырдың II жартысы – XX ғасырдың басы).....	100
Борбасов С.М. ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТ ПАРАДИГМАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ДИАЛЕКТИКАСЫ.....	110
Ескеева М.Қ. ТҮРКІ ТІЛДЕРІНІҢ ТАРИХИ КЛАССИФИКАЦИЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ.....	131
Жұмаділ А.Қ., Өжкенов Е.М., Жұмаділ М.Т. ДАЛАЛЫҚ ЭЛИТА: БИЛЕУШІЛЕРДІҢ, БИЛЕУШІ ӘУЛЕТ ПЕН ТАЙПАЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІНІҢ КИЕЛІЛІГІ ЖӨНІНДЕ.....	142
Жүгенбаева Г.С. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ САҚТАУ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСІНІҢ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕРІ.....	156
Жүнісбаев А., Алдажұманов Қ., Шілдебай С. СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АТТЫ ӘСКЕРИ ҚҰРАМАЛАРЫ (1941-1945): 81, 96 және 105 атты әскер дивизияларының материалдары бойынша	168
Иембекова М.О. ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫРҒЫЗСТАН АРАСЫНДАҒЫ ҚАТЫНАСТАРДЫҢ ҚАЗІРГІ ДАМУ ДЕҢГЕЙІ ЖӘНЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е. КӨМЕКОВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОТАНДЫҚ ДЕРЕКТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ.....	206
Исенов О.И. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 30-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТАМЕКЕНЕН КӨШУІ.....	218
Кабдушев Б., Шілдебай С. ҮКІМЕТ ТӨРАҒАСЫ Н. НҰРМАҚОВ ЖӘНЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	231
Қабыл А.Ә. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ XVIII Ғ. СОҢЫ МЕН XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫ ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ПРАКТИКАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	248
Қаипбаева А.Т. МАХАМБЕТ ӨТЕМІСҰЛЫ – ҰЛТ АЗАТТЫҒЫ ЖОЛЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕР ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	260

Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ «БӘРІ ДЕ МАЙДАНҒА, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!» ҰРАНЫМЕН ЖЕҢІСКЕ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (Жамбыл облысының мысалында).....	274
Қали А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ САУАТТЫЛЫҚ ПЕН БІЛІМ ДЕҢГЕЙІ (1946-1955).....	287
Қозыбаева М.М. XX ғ. 30-ШЫ ЖЖ. БАСЫНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ КЕЗЕҢІНДЕ БАТЫС СІБІР АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУШЫЛАРЫ.....	304
Қоңқабаева Н.Н. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ АТ-ТУХФА ҚОЛЖАЗБАСЫНА ТАРИХИ-ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТТАМА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. XVIII ғ. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІН САҚТАП ҚАЛУДАҒЫ ОЛЖАБАЙ БАТЫРДЫҢ РӨЛІ	324
Мұхатова О.Х. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э., Молдашева С.К. АТЫРАУ ӨЛКЕСІ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ ӨНЕГЕЛІ ЖОЛЫ: САУАТСЫЗДЫҚТАН ОРТА МЕКТЕПКЕ.....	345
Оспанов Н.М. ҰЛЫ ДАЛА КӨШПЕНДІЛЕРІ МЕН КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ КОРЕЙ МЕМЛЕТТЕРІ БАЙЛАНЫСТАРЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ-ТІЛДІК ҚҰРЫЛЫС ТАРИХЫНАН: ЛАТЫН ӨЛПБІІ ҮШІН КҮРЕС.....	368
Рүстемов С.К., Оразов Р.Е. МҰСЫЛМАНДЫҚ ҚОЗҒАЛЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚТАР.....	385
Садвокасова З.Т. ҚАЗАҚТАР АРАСЫНДА ПРАВОСЛАВИЕЛІК УАҒЫЗ (XIX – XX ғасырдың басы).....	399
Сатанов А.Б. ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУДІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖӘНЕ ДАМУ ТАРИХЫ: ФЕНОМЕНОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ	411
Серубаева А.Т. Ш. УӘЛИХАНОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ ШЫҒЫС ТҮРКІСТАННЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ-САЯСИ ТАРИХЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТӨБЕ КӨТЕРІЛІСІ: ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ.....	443
Тусупов А.Р. ЕЖЕЛГІ ТҮРКІЛЕРДІҢ САЯСИ АНТРОПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ КӨШПЕЛІ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ ЕРЕКШЕЛІГІ	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. РЕВОЛЮЦИЯҒА ДЕЙІНГІ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ АЙНАСЫНДАҒЫ САРАЙШЫҚ ЖӘНЕ АҚТӨБЕ ТАРИХЫ.....	472
Шакенов С.Т., Ерғабылов А.Е. ҚАЛБА-НАРЫМ Өңіріндегі қола дәуірі ескерткіштерінің зерттелу тарихына қысқаша шолу (1991 жылға дейін).....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумағалиева К.В. ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ТАРИХНАМАДАҒЫ ЖӘНГІР ХАНДЫҢ БАСҚАРУ САЯСАТЫ БАҒЫНДАҒЫ ОБРАЗЫ	495
Шілдебай С., Кабдушев Б., Жұматов Д. КЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАН: ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЕНГІЗУ ТАРИХЫНАН	507

СОДЕРЖАНИЕ

Абдукадыров Н.М., Акынова А.П. ИНСТИТУТ БАТЫРОВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ И ФУНКЦИИ ЯНЫЧАРСКОЙ ВОЕННОЙ СИСТЕМЫ В ОСМАНСКОЙ ИМПЕРИИ (XV-XVIII вв.).....	5
Алдажуманов К.С., Шилдебай С.К., Асанова С.А. ИЗ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА ВОЕННОГО ВРЕМЕНИ (1941-1945).....	17
Ахмет А.К., Шотанова Г.А., Козыбакова Ф.А. УЧЕНЫЙ-ЭТНОГРАФ САЛЫК БАБАЖАНОВ.....	32
Абсадык А.А. КЕЙКИ МЕРГЕН: НАРОДНЫЕ ПРЕДАНИЙ И ПИСЬМЕННЫЕ ИСТОЧНИКИ.....	44
Абсадык А.А., Исенов О.И. КЕЙКИ БАТЫР: КРОВАВОЕ СОБЫТИЕ НА ЖЫЛАНШЫК-ЖАЛАУЛЫ.....	57
Апендиев Т.Ә. ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ ПОКОЛИЧЕСТВЕННОМУ ПОКАЗАТЕЛЮ СЕЛЬСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В 1945-1955 гг.....	69
Байдалы Р.Ж. КАЗАХСКИЕ БЕЖЕНЦЫ В РЕСПУБЛИКАХ СРЕДНЕЙ АЗИИ ВО ВРЕМЯ ГОЛОДА 1930-Х ГОДОВ.....	78
Батырхан Б.Ш., Жузбаева У.Д. ИСТОРИЧЕСКАЯ ГЕОГРАФИЯ ОСТРОВОВ СРЕДИЗЕМНОГО МОРЯ И АТЛАНТИЧЕСКОГО ОКЕАНА В ИСТОЧНИКЕ «ТАКВИМ АЛЬ-БУЛЬДАН».....	91
Бисембаева Л.А. ЖЕТЫСУЙСКИЕ КАЗАХИ В УСЛОВИЯХ ТОВАРНО-ДЕНЕЖНЫХ ОТНОШЕНИЙ (вторая половина XIX - начало XX века).....	100
Борбасов С.М. ПАРАДИГМА НЕЗАВИСИМОГО ГОСУДАРСТВА И ДИАЛЕКТИКА ЕГО РАЗВИТИЯ.....	110
Ескеева М.Қ. КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК В ИСТОРИЧЕСКОЙ КЛАССИФИКАЦИИ ТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ	131
Жумадил А.К., Ужкенов Е.М., Жумадил М.Т. СТЕПНАЯ ЭЛИТА: О САКРАЛЬНОМ ПРОИСХОЖДЕНИИ ПРАВЯЩИХ ПЛЕМЕН, ДИНАСТИЙ И ПРАВИТЕЛЕЙ.....	142
Жугенбаева Г.С. ИСТОРИЧЕСКИЕ ИСТОЧНИКИ О БОРЬБЕ ЗА НАЦИОНАЛЬНУЮ ИДЕНТИЧНОСТЬ КАЗАХСКОГО НАРОДА.....	156
Джунисбаев А., Алдажуманов К., Шилдебай С. КАВАЛЕРИЙСКИЕ СОЕДИНЕНИЯ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-45): по материалам 81-й, 96-й и 105-й кавалерийских дивизий	168
Иембекова М.О. СОВРЕМЕННЫЙ УРОВЕНЬ РАЗВИТИЯ И ПРОБЛЕМЫ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КЫРГЫЗСТАНОМ.....	191
Ильясова З.С. АКАДЕМИК Б.Е.КУМЕКОВ И ЕГО ВКЛАД В ОТЕЧЕСТВЕННОЕ ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ.....	206
Исенов О.И. ГОЛОД 30-Х ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: ОТКОЧЕВКА КАЗАХОВ ИЗ СТРАНЫ.....	218
Кабдушев Б., Шилдебай С. ПРЕДСЕДАТЕЛЬ ПРАВИТЕЛЬСТВА Н. НУРМАКОВ И ПРОБЛЕМЫ ВОССТАНОВЛЕНИЯ СКОТОВОДЧЕСКОГО ХОЗЯЙСТВА.....	231
Кабыл А.А. ОСОБЕННОСТИ ТЕОРИИ И ПРАКТИКИ ПРЕПОДАВАНИЯ НАЦИОНАЛЬНО- ОСВОБОДИТЕЛЬНОГО ДВИЖЕНИЯ КОНЦА XVIII- НАЧАЛА XX ВЕКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	248
Каипбаева А.Т. МАХАМБЕТ УТЕМИСОВ – ИСТОРИЧЕСКАЯ ЛИЧНОСТЬ, БОРЕЦ ЗА НАЦИОНАЛЬНОЕ ОСВОБОЖДЕНИЕ.....	260

Кали А.Н. ВКЛАД КАЗАХСТАНЦЕВ В ДОСТИЖЕНИЕ ПОБЕДЫ ПОД ДЕВИЗОМ «ВСЕ ДЛЯ ФРОНТА, ВСЕ ДЛЯ ПОБЕДЫ!» (На примере Жамбылской области).....	274
Кали А.Н. УРОВЕНЬ ГРАМОТНОСТИ И ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ В ПОСЛЕВОЕННЫЕ ГОДЫ (1945-1955 гг.)....	287
Козыбаева М.М. КАЗАХСКИЕ ОТКОЧЕВНИКИ НА ТЕРРИТОРИИ ЗАПАДНОЙ СИБИРИ В ПЕРИОД ГОЛОДА НАЧАЛА 30-Х ГГ. XX В.	304
Конкабаева Н.Н. ИСТОРИКО-ЛИНГВИСТИЧЕСКОЕ ОПИСАНИЕ СРЕДНЕВЕКОВОМУ МАНУСКРИПТУ АТ-ТУХФА	313
Маргулан Д.А., Маргулан А.С. РОЛЬ ОЛЖАБАЙ БАТЫРА В СОХРАНЕНИИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В XVIII В.	324
Мухатова О.Х. МЫСЛИ ДЕЯТЕЛЯ АЛАШ ОБ ОБРАЗОВАНИИ.....	334
Нагимов Ш.Н., Бердыгужин Л.Б., Жумабаева Э. Молдашева С.К. СЛАВНЫЙ ПУТЬ ПЕДАГОГОВ АТЫРАУСКОГО КРАЯ: ШКОЛ: ОТ ЛИКБЕЗА ДО СРЕДНИХ ШКОЛ.....	345
Оспанов Н.М. ИСТОРИОГРАФИЯ ВЗАИМООТНОШЕНИЙ КОЧЕВНИКОВ ВЕЛИКОЙ СТЕПИ С ДРЕВНИМИ И СРЕДНЕВЕКОВЫМИ КОРЕЙСКИМИ ГОСУДАРСТВАМИ.....	358
Рамазанова Ф.С., Какенова З.К. К ИСТОРИИ НАЦИОНАЛЬНО-ЯЗЫКОВОГО СТРОИТЕЛЬСТВА В СОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ: БОРЬБА ЗА ЛАТИНСКИЙ АЛФАВИТ.....	368
Рустемов С.К., Оразов Р.Е. МУСУЛЬМАНСКОЕ ДВИЖЕНИЕ И КАЗАХИ.....	385
Садвокасова З.Т. ПРАВОСЛАВНАЯ ПРОПОВЕДЬ СРЕДИ КАЗАХОВ (XIX - начало XX веков).....	399
Сатанов А.Б. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ДИСТАНЦИОННОГО ОБРАЗОВАНИЯ: ФЕНОМЕНОЛОГИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ.....	411
Серубаева А.Т. ПРОБЛЕМЫ ЭТНИКО-ПОЛИТИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ ВОСТОЧНОГО ТУРКЕСТАНА В ИССЛЕДОВАНИЯХ Ш. УАЛИХАНОВА.....	431
Стамшалов Е.И. АРАЛТЮБИНСКОЕ ВОССТАНИЕ: УРОКИ И ИСТОРИЯ.....	443
Тусупов А.Р. ПОЛИТИЧЕСКАЯ АНТРОПОЛОГИЯ И СПЕЦИФИКА КОЧЕВОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ ДРЕВНИХ ТЮРОК.....	458
Ужкенов Е.М., Шотанова Г.А. ИСТОРИЯ САРАЙЧИКА И АКТОБЕ В ЗЕРКАЛЕ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ ДОРЕВОЛЮЦИОННОГО ПЕРИОДА.....	472
Шакенов С.Т., Ергабылов А.Е. КРАТКИЙ ОБЗОР ИСТОРИИ ИЗУЧЕНИЯ ПАМЯТНИКОВ ЭПОХИ БРОНЗЫ В КАЛБА-НАРЫМСКОМ РЕГИОНЕ.....	484
Шотанова Г.А., Ужкенов Е.М., Джумагалиева К.В. ОБРАЗ ДЖАНГИР ХАНА В ПОЛИТИКЕ УПРАВЛЕНИЯ СТЕПЬЮ В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	495
Шилдебай С., Кабдушев Б., Жуматов Д. СОВЕТСКИЙ КАЗАХСТАН: ИЗ ИСТОРИИ ВВЕДЕНИЯ ДЕЛОПРОИЗВОДСТВА НА КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ.....	507

CONTENTS

Abdukadyrov N.M., Akynova A.P. INSTITUTE OF BATYRS IN KAZAKH SOCIETY AND FUNCTIONS OF THE JANISSARIES MILITARY SYSTEM IN THE OTTOMAN EMPIRE (XV-XVIII centuries).....	5
Aldazhumanov K., Shildebay S², Assanova S. FROM THE HISTORY OF KAZAKHSTAN IN WARTIME (1941-1945).....	17
Ahmet A.K., Shotanova G.A., Kozybakova F.A. ETHNOGRAPH-ALYM SALYK BABAZHANOV.....	32
Absadyk A.A. KEIKI MERGEN: FOLK TRADITIONS AND WRITTEN SOURCES.....	44
Absadyk A.A., Issenov O.I. KEIKI BATYR: BLOODY EVENT ON ZHYLANSHYK- ZHALAULY.....	57
Apendiyev T.A. DEMOGRAPHIC PROCESSES IN QUANTITATIVE TERMS OF THE RURAL POPULATION IN KAZAKHSTAN IN 1945-1955.....	69
Baidaly R.Zh. KAZAKH REFUGEES IN THE REPUBLICS OF CENTRAL ASIA DURING THE HUNGER OF THE 1930S.....	78
Batyrkhan B.Sh., Zhuzbayeva U.D. HISTORICAL GEOGRAPHY OF THE ISLANDS OF THE MEDITERRANEAN SEA AND THE ATLANTIC OCEAN IN THE SOURCE «TAQWIM AL-BULDAN».....	91
Bissembayeva L.A. THE ZHETSU KAZAKHS IN THE CONTEXT OF A COMMODITY AND MONEY RELATIONSHIP (SECOND HALFOF 19 TH CENTURY -EARLY 20 TH CENTURY).....	100
Borbassov S.M. THE PARADIGM OF AN INDEPENDENT STATE AND THE DIALECTICS OF ITS DEVELOPMENT.....	110
Yeskeyeva M.K. KAZAKH LANGUAGE IN THE HISTORICAL CLASSIFICATION OF THE TURKIC LANGUAGES.....	131
Zhumadil A.K., Uzhkenov E.M., Zhumadil M.T. THE STEPPE ELITE: ON THE TITULAR ORIGIN OF RULING TRIBES, DINASTIES AND RULERS.....	142
Zhugenbayeva G. HISTORICAL SOURCES ON THE STRUGGLE FOR THE NATIONAL IDENTITY OF THE KAZAKH PEOPLE.....	156
Junisbayev A., Aldazhumanov K., Shildebay S. CAVALRY UNITS OF KAZAKHSTAN DURING THE WAR (1941-1945): based on materials of the 81 st , 96 th and 105 th cavalry divisions.....	168
Iyembekova M.O. CURRENT LEVEL OF THE DEVELOPMENT AND PROBLEMS OF RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND KYRGYZSTAN	191
Ilyassova Z.S. ACADEMICIAN B. KUMEKOV AND HIS CONTRIBUTION TO DOMESTIC RESOURCE STUDIES.....	206
Issenov O.I. FAMINE OF THE 1930s IN KAZAKHSTAN: THE MIGRATION OF KAZAKH FROM THE COUNTRY	218
Kabdushev B., Shildebay S. CHAIRMAN OF THE GOVERNMENT N. NURMAKOV AND THE PROBLEMS OF RESTORING THE LIVESTOCK FARMING.....	231
Kabyl A.A. FEATURES OF THE THEORY AND PRACTICE OF TEACHING THE NATIONAL LIBERATION MOVEMENT OF THE LATE 18 th – EARLY 20 th CENTURIES IN KAZAKHSTAN.....	248
Kaipbaeva A.T. MAKHAMBET UTEMISOV – A HISTORICAL FIGURE, NATIONAL LIBERATION FIGHTER.....	260
Kali A.N. CONTRIBUTION OF KAZAKHSTANIS TO ACHIEVING VICTORY UNDER THE MOTTO «EVERYTHING FOR THE FRONT, EVERYTHING FOR VICTORY!» (ON THE EXAMPLE OF ZHAMBYL REGION).....	274
Kali A.N. THE LEVEL OF LITERACY AND EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN THE POST-WAR YEARS (1945-1955).....	287

Kozybayeva M.M. KAZAKH MIGRANTS IN THE TERRITORY OF WESTERN SIBERIA IN THE PERIOD OF EARLY 1930-ies FAMINE.....	304
Konkabayeva N.N. АЛАШ АРДАҚТЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ ТУРАСЫНДАҒЫ ОЙЛАРЫ.....	313
Margulan D.A., Margulan A.S. OLZHABAI BATYR'S ROLE IN CONSERVATION KAZAKH STATEHOOD IN THE XVIII C.....	324
Mukhatova O.Kh. THOUGHTS OF THE ALASH LEADER ABOUT EDUCATION	334
NagimovSh.N., Berdyguzhin L.B., Zhumabayeva E., Moldasheva S.K. THE GLORIOUS PATH OF THE TEACHERS OF THE ATYRAU REGION:FROM LITERACY CLASSES TO SECONDARY SCHOOLS	345
Ospanov N. HISTORIOGRAPHY OF THE RELATIONSHIPS BETWEEN THE NOMADS OF THE GREAT STEPPE WITH THE ANCIENT AND MEDIEVAL KOREAN STATES	358
Ramazanova F.S., Kakenova Z.K. ON THE HISTORY OF NATIONAL-LANGUAGE CONSTRUCTION IN SOVIET KAZAKHSTAN: FIGHT FOR THE LATIN ALPHABET.....	368
Rustemov S.K., Orazov R.E. THE MUSLIM MOVEMENT AND THE KAZAKHS.....	385
Sadvokassova Z.T. ORTHODOX PREACHING AMONG KAZAKHS (second half of the XIX-early XX centuries).....	399
Satanov A.B. HISTORY OF FORMATION AND DEVELOPMENT OF DISTANCE EDUCATION: PHENOMENOLOGICAL RESEARCH.....	411
Serubayeva A.T. ISSUES OF ETHNIC AND POLITICAL HISTORY OF EAST TURKESTAN IN THE RESEARCH BY SH. UALIKHANOV.....	431
Stamshalov E.I. ARALTYUBES REBELLION: HISTORY AND LESSONS.....	443
Tussupov A.R. POLITICAL ANTHROPOLOGY AND SPECIFICITY OF THE NOMADIC STATEHOOD OF THE ANCIENT TURKS.....	458
Uzhkenov E.M., Shotanova G.A. HISTORY OF SARAYCHIK AND AKTOBE IN THE MIRROR OF RUSSIAN HISTORIOGRAPHY OF THE PRE-REVOLUTIONARYPERIOD.....	472
Shakenov S.T., Yergabylov A.E. BRIEF OVERVIEW OF THE HISTORY OF STUDYING BRONZE AGE MONUMENTS IN THE KALBA-NARYM REGION.....	484
Shotanova G.A., Uzhkenov E.M., Dzhumagalieva K.V. THE IMAGE OF JANGIR KHAN IN GOVERNANCE POLICY TOWARDS THE STEPPE IN DOMESTIC AND FOREIGN HISTORIOGRAPHY.....	495
Shildebay S., Kabdushev B., Zhumatov D. SOVIET KAZAKHSTAN: FROM THE HISTORY OF THE INTRODUCTION OFFICE WORK IN KAZAKH LANGUAGE.....	507

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2020. 4(24)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2020.
Пішімі 70х100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй